

"Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 маусымдағы № 529 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы № 15 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.01.2013 № 15 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған «Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2010 жылғы	7 маусымдағы
№ 529 қаулысымен	
бекітілген	

«Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қолданылу аясы

1. Осы «Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті (бұдан әрі - Техникалық регламент) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі

туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне, «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңына сәйкес әзірленді және медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігіне, сондай-ақ олардың өмірлік циклі үдерістеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы Техникалық регламенттің реттеу объектілері осы Техникалық регламентке 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасына әкелінетін, Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына (бұдан әрі - КО СЭҚ БТН кодтары) кіретін медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар болып табылады.

3. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сәйкестендіру:

- 1) көзбен шолып қарау;
- 2) атаудың ұқсастығын белгілеу;
- 3) КО СЭҚ БТН кодтарын белгілеу;
- 4) медициналық техниканың қаптамасында, ыдысында, затбелгісінде, жазба белгісінде, маңдайшасында, пайдалану құжатында берілген ақпараттар және тұтынушыға арналған медициналық мақсаттағы бұйымдарды қолдану жөніндегі нұсқаулықтар арқылы жүргізіледі.

2. Терминдер мен анықтамалар

4. Осы Техникалық регламентте мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

- 1) активті медициналық техника - белгілі бір функционалдық жүйеге, адамның ағзасы немесе тініне толық немесе іріктеу арқылы әсер етуге арналған құралдарды қозғалысқа келтіретін немесе қандай да бір түрді қуатты генерирлейтін медициналық техника;
- 2) контаминация - ендіру, сынамаларды іріктеп алу, қаптамалау немесе қайта қаптамалау, сақтау немесе тасымалдау барысында бастапқы материалға, аралық өнімге немесе дәрілік субстанцияға химиялық немесе микробиологиялық тектес қоспаларды немесе бөгде материалды еріксіз қосып жіберу;
- 3) медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі - қауіпті фактордың іске асырылу ықтималдығы мен оның салдарының ауырлық дәрежесінің үйлесуін ескере отырып, адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтірумен байланысты мүмкін болмайтын қауіптің болмауы;
- 4) медициналық мақсаттағы бұйымдар - профилактикалық, диагностикалық

және емдеу іс-шараларын жүргізу үшін пайдаланылатын бұйымдар мен материалдар: медициналық құрал-саймандар, стоматологиялық, шығыс, таңу және тігу материалдары, бекітетін таңғыштар мен құрылғылар, медициналық оптика бұйымдары ;

5) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға жинақтаушылар - медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың функционалдық мақсатына сәйкес пайдалану үшін өндіруші қарастырған медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың құрамдас бөлшегі ретінде қолданылатын бұйым және (немесе) құрылғы;

6) медициналық техника - аурулардың профилактикасы, оларды диагностикалау, емдеу, оңалту, медициналық сипаттағы ғылыми зерттеулер үшін медициналық мақсатта жеке түрде, кешеннің немесе жүйенің құрамында қолданылатын аппараттар мен жабдықтар;

7) медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды жөндеу - медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды қолдану кезінде олардың жарамсыздықтарын жою мен қалпына келтіру жұмыстарының жиынтығы ;

8) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы қолдану қаупі - медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымды пайдаланған пациенттердің, қызметкерлердің, өзге де тұлғалардың келтірілген зияннан қауіп туындауының ықтимал жиілігі немесе денсаулық жағдайының ауырлық дәрежесінің ықтимал күшеюі;

9) медициналық техниканы пайдалану құжаты - медициналық техниканы пайдалану ережесін айқындайтын және өндірушінің медициналық техниканың негізгі өлшемдері мен сипаттамаларының (қасиеттерінің) кепілдендірген мәнін куәландыратын мәліметтерді, оны белгіленген қызмет мерзімі ішінде пайдалану бойынша кепілдіктер мен мәліметтерді көрсететін медициналық техниканың өндірушісі әзірлеген тұтынушыға арналған құжат;

10) медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды пайдаланушы - медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға мақсаты бойынша қызмет көрсететін тұлға (медициналық және техникалық персонал) ;

11) медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға техникалық қызмет көрсету - оларды қолдану, сондай-ақ сақтау және тасымалдау кезінде жарамсыздықтарын анықтауды және тоқтап қалуының алдын алуды қамтамасыз ететін жүйелі жұмыстар жиынтығы;

12) медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың тиімділігі - профилактикалық, диагностикалық және (немесе) емдеу тиімділігін қамтитын сипаттамалардың жиынтығы;

13) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы таңбалау - тұтынушыға арналған ақпарат жазылған және этикеткаларға, контрэтикеткаларға, кольереткаларға, затбелгіге, қаптамаларына (ыдысқа) немесе , медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың өзіне жапсырылған мәтін, тауарлық таңба, шартты белгілер мен суреттер;

14) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың электромагнитті үйлесімділігі - оның электромагнитті жағдайда қанағаттанарлық жұмыс істеу қабілеті, осы жағдайда бір нәрсеге мүмкін еместі электромагнитті к е д е р г і л е р і н і ң б о л м а у ы ;

15) пайдалануға енгізу - болжанатын пайдалану орны бойынша медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды пайдалануға дайындауға бағытталған жұмыстардың жиынтығы;

16) трансфузиялық-инфузиялық терапияда пайдаланылатын техникалық құралдар — медициналық мақсаттағы бұйымдар: донорлық қанды, оның компоненттері мен препараттарын, сондай-ақ қанды алмастыратын құралдарды алу, қайта өңдеу, сақтау және клиникалық қолдануға арналған бір рет қолданатын қондырғылар мен жүйелерді қосқанда, құралдар, аппараттар, аспаптар мен керек-жарактар;

17) трансфузиялық-инфузиялық терапия - науқасқа емдеу мақсатымен донор қанының компоненттері мен препараттарын, сондай-ақ қанды алмастыратын е р і т і н д і л е р д і қ ұ ю ;

18) техникалық сынақтар - медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың техникалық сипаттамаларының техникалық құжаттамаларға сәйкестігін анықтау.

2-тарау. Қауіпті факторлар (қауіптер)

5. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың өмірлік циклі үдерісінде туындайтын қауіпті факторларға (қауіптерге) мыналар жатады:

- 1) сериялы және жаппай өндірістің конструкциясының, технологиялық үдерістердің немесе өнімінің бақылау жүйелерінің жетілмеуі;
- 2) өндірісте рұқсат берілмеген материалдарды қолдану;
- 3) қолдану үдерісінде сапалық сипаттамаларын жоғалту;
- 4) нақты ақпараттың болмауы.

3-тарау. Қазақстан Республикасы нарығында медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар айналысының шарттары

6. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар айналысының нарықтағы негізгі шарттары осы Техникалық регламентте

белгіленген талаптарға сәйкес келуі болып табылады.

7. Мыналар :

- 1) Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өтпеген;
- 2) қолдану немесе пайдалану мерзімі өткен;
- 3) осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес емес;
- 4) медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды уақытша сақтау қоймалары арқылы;
- 5) тұтынушыға арналған анық және толық ақпаратсыз (таңбалау, медициналық техниканың пайдалану құжаттары, медициналық мақсаттағы бұйымдарды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық) медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды өткізуге рұқсат берілмейді.

4-тарау. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігіне және өмірлік циклі үдерістеріне қойылатын талаптар

1. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі

8. Қазақстан Республикасының аумағында айналыстағы медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар тұтынушының және пайдаланушының өміріне немесе денсаулығына зиян келтірмеуі тиіс.

9. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар:

- 1) пациентті және тұтынушыны механикалық зақымданудан, дірілдің, шудың, жылу және иондаушы сәулелерден қорғауды қамтамасыз етуі;
- 2) электромагниттік үйлесімділікті, электрлі, химиялық қолдану қауіпсіздігін қамтамасыз етуі;

3) қауіпсіз материалдан жасалуы;

4) медициналық техниканы пайдалану құжатында көрсетілген пайдалану және қолдану қауіпсіздігі бойынша ақпараттың, медициналық мақсаттағы бұйымдарды қолдану, таңбалау жөніндегі нұсқаулықтың қажетті көлемімен жабдықталуы;

5) материалдардың физикалық қасиеттері мықтылығын, төзімділігін, контаминациялығын жоғалтуы және қоршаған орта факторларының әсері себебінен оларды қолдану, тасымалдау, сақтау кезінде пациенттердің немесе тұтынушылардың денсаулығына зиян келтіру мүмкіндігін болдырмауы;

6) байланысқа түсетін материалдармен, заттармен және газдармен бірге қауіпсіз қолданылады. Егер медициналық техника және медициналық

мақсаттағы бұйымдар дәрілік заттармен қолдануға арналса, олар көрсетілген дәрілік заттарды регламенттеуші сапа және қауіпсіздік бойынша нормативтік құжаттарға сәйкес тиісті дәрілік заттармен үйлесімділігі ескеріле отырып әзірленуі және өндірілуі тиіс.

2. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың сәулелену немесе генерирлейтін сәулелену қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

10. Сәуле шығаратын немесе сәулеленуді генерациялайтын медициналық техника пациенттердің, пайдаланушылардың және басқа да тұлғалардың сәулеленуі неғұрлым төмен дәрежеге дейін жеткізілуі әр медициналық техниканың нақты түрінің тағайындалуын ескеріп, бірақ бұл ретте оны тиісті белгіленген деңгейде терапиялық және диагностикалық мақсатқа қолдану шектелмей әзірленуі және жасалуы тиіс.

11. Сәулеленудің қауіпті деңгейлерін генерациялауға арналған медициналық техниканы пайдаланушы арнайы медициналық мақсатқа қажетті қаупіне қарағанда пайдасы мейлінше маңызды болып саналатын, осындай сәулеленуді басқару мүмкіндігі болуы тиіс.

12. Үқтимал қауіпті иондайтын сәулеленуді генерациялауға арналған медициналық техника осындай сәулелену туралы ескертетін бейне немесе дыбыстық заттармен жабдықталуы тиіс.

13. Пациенттерге, пайдаланушыларға және басқа да тұлғаларға абайсыз жанама немесе шашыраған сәулелену әсері неғұрлым төмен деңгейге жеткізілуі тиіс.

14. Иондайтын сәулеленуді генерациялауға арналған медициналық техника медициналық техниканың тағайындалуын ескере отырып, сәулеленудің сандық, геометриялық және сандық көрсеткіштерін өзгерту және реттеу мүмкіндігін, сондай-ақ пациент пен пайдаланушыға ең төменгі әсер еткенде белгіленген медициналық мақсат үшін тиісті бейнені және (немесе) соңғы сапаны қамтамасыз етуі тиіс.

15. Терапиялық радиологияға (рентгенология) арналған иондайтын сәулеленуді генерациялайтын медициналық техника сенімді бақылау және сәулелену дозасымен, түрімен, энергиясымен және сәулені қайта бөлумен меңгеру қамтамасыз етуімен жобалануы және дайындалуы тиіс.

16. Сәулеленуді генерациялайтын медициналық техниканы пайдалану құжаты сәулелену сипаты, пациентті немесе пайдаланушыны қорғау құралдары туралы, дұрыс пайдалану және дұрыс монтаждальмауына (орнатылуына) байланысты қауіпті болдырмау тәсілі туралы толық ақпаратты қамтуы тиіс.

3. Қоректендіру көзіне немесе ішкі қоректендіру көзіне қосылатын медициналық техника қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

17. Құрамына электронды бағдарламаланатын жүйе кіретін медициналық техника оның тағайындалуына сәйкес осы жүйелердің қайталануын, сенімділігін және тиімділігін қамтамасыз ету үшін әзірленуі тиіс.

18. Пайдаланған кезде пациенттердің қауіпсіздігі ішкі қоректендіру көзіне (энергиямен жабдықтау) байланысты медициналық техника қуат көзінің жағдайын анықтайтын құралдармен жабдыкталуы тиіс.

19. Пайдаланған кезде пациенттердің қауіпсіздігі сыртқы қуат көзіне (энергиямен жабдықтау) байланысты медициналық техниканың энергиямен қамтамасыз етуде бұзылулар туралы ескертуге арналған дабыл жүйесі болуы тиіс

20. Пациенттің бір немесе бірнеше клиникалық өлшемдерін бақылауға арналған медициналық техника пациент пен пайдаланушыға пациенттің өліміне немесе оның денсаулық жағдайының аса нашарлауына ықпал ететін жағдай туралы ескертуге арналған тиісті дабыл жүйесімен жабдыкталуы тиіс.

21. Медициналық техниканы әзірлеу және өндіру кезінде:

1) әдеттегі жағдайда басқа құрал-жабдықтың немесе техниканың жұмысын бұзуы мүмкін электромагниттік өрістер неғұрлым төмен қауіп дәрежесіне түсірілуі тиіс ;

2) медициналық техниканы орнату (пайдалану) жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес дұрыс орнатылған жағдайда әдеттегі қолдану кезінде және бірлі-жарым бұзылу жағдайларында электр тоғымен жазатайым зақымдану қаупі болмауы тиіс.

4. Электромагниттік үйлесімділіктің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

22. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар электромагниттік өрістердің туындау қаупін ең төменгі жағдайға жеткізіле отырып әзірленуі тиіс, әйтпесе ол басқа медициналық техниканы немесе медициналық мақсаттағы бұйымдарды пайдалану немесе қолдану кезінде жұмыс істеуін бұзуы немесе сапасына әсер етуі мүмкін.

23. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар олардың электромагниттік жағдайында оларға қойылатын талаптар электромагниттік кедергілерде ғана емес, аспаптың жұмысы кезінде туындаған қуат беруші желінің сәулелендіретін радиокедергі деңгейі медициналық стандарттан аспауы тиіс .

24. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар үшін

электромагниттік үйлесімділігі мен олардың сынақтарын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар әдістемелері электромагниттік үйлесімділік саласындағы стандарттарға сәйкес келуі керек. Қойылатын талаптар жеткіліксіз болған жағдайда нақты медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға қолданылатын жеке стандарттың арнайы талаптарын есепке ала отырып толықтырылады немесе нақтыланады.

5. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың жұқпалы және микробтық ластану қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

25. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйым және оларды қолдану үдерісі пациентке, пайдаланушыға немесе онымен жанасатын басқа тұлғаға ең төменгі жұқтыру қаупімен немесе мүлдем болдырмауды көздеп жобалануы тиіс. Пациент медициналық техниканы және медициналық мақсаттағы бұйымдарды қолдану кезінде оның оңайлығы және ластануды неғұрлым төмендету мүмкіндігі қарастырылуы тиіс.

6. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың зарарсыздануы бойынша қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

26. Медициналық мақсаттағы зарарсызданған бұйымдар немесе медициналық техниканың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың зарарсызданған құраушы бөліктері әзірленуі, дайындалуы және олардың зарарсыздығын нарыққа орналастырған кезде, адамға зақым келтіретін әсерін болдырмау мүмкіндігін қарастыра отырып (патогенді биологиялық агенттердің, уытты және пирогенді әсерінің болуына негізделген жұқпалы аурулардың болуы) және зарарсыздығын белгіленген сақтау шарттарында және тасымалдағанда қорғаныш қаптаманы бұзғанға немесе ашқанға дейін сақтауды қамтамасыз ету үшін бір реттік қаптамаға және (немесе) қорғаныш қаптамаға салынуы тиіс.

27. Медициналық мақсаттағы бұйымдар немесе медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың зарарсыздандырылған болуы тиіс құраушы бөліктері өндірістің технологиялық үдерісіне сәйкес зарарсыздандырылады.

28. Медициналық мақсаттағы бұйымдардың қаптамалары немесе медициналық техниканың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың құраушы бөліктері тазалықтың белгіленген дәрежесінде оларды қолдану алдында зарарсыздандыру қажет болса, микробпен ластану қаупінің ең төменгі дәрежесіне түсіру және сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Қаптама өндіруші (

дайындаушы) ұйым көрсеткен зарарсыздандыру әдісіне сәйкес келуі тиіс.

29. Қаптама және (немесе) таңбалау зарарсыздандырылған немесе зарарсыздандырылмаған болып шығарылатын медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың арасындағы сәйкестікті немесе ұқсастықты ажыратуды қамтамасыз етуге тиіс.

7. Трансфузиялық-инфузиялық терапияда және қан мен оның компоненттерін қайта өңдеу мен сақтау үшін пайдаланылатын техникалық құралдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

30. Қанды, оның өнімдерін және қанды алмастыратын ерітінділерді дайындау , алу, сақтау, тасымалдау және қолдану үшін тек бір мәрте қолданылатын контейнерлерді, қосатын (өткізетін) магистральдарды (жүйелерді) және құрылғыларды пайдалануға болады.

Қан мен оның компоненттерінің трансфузиясы үшін бір мәрте қолдану құрылғысы донорлық қан мен оның компоненттерінен микроагрегаттар мен ұйыған қандарды алып тастауға арналған арнайы сүзгілермен жабдықталуы тиіс.

Қан мен оның компоненттерін құюға арналған полимерлік құрылғы бір мәрте қолданылатын инемен жабдықталуы және зарарсыз болуы тиіс.

31. Трансфузиялық-инфузиялық терапияны жүргізуге арналған бір мәрте қолданылатын құрылғының түтікшесі мен тамызғышы жай көзбен-ақ ауа көпіршіктерін және сұйықтық деңгейін көруге мүмкіндік беретін материалдан жасалуы тиіс.

32. Бір мәрте қолданылатын контейнерлер, жүйелер мен құрылғылар алдын ала дезинфекциясыз арнайы құрылғыларда жойылады (кәдеге жаратылады).

33. Қан мен биопрепараттарды бөлуге арналған рефрежераторлы центрифуга мынадай талаптарға сай келуі тиіс:

1) жұмыс камерасындағы берілген температураны тұрақты ұстап тұруды қамтамасыз ету ;

2) ротордың айналуы кезінде қақпақты автоматты жауып тастау және ротордың теңгерімі болмаған кезде аппаратты автоматты түрде өшіруді қоса алғанда, пайдаланушы мен қоршаған ортаны механикалық әсерден тиімді қорғауды қамтамасыз ету .

34. Плазманы тез мұздатқыштың:

1) жұмыс камерасындағы температура мәнін индикациялаудың көрнекі жүйесінің болуы ;

2) қолданушы төмен температуралы үстіңгі қабаттар мен желілердің термиялық әсерлерінен сенімді қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

35. Электрлі медициналық тоңазытқыш мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

1) биоөнімдер жартылай да, толық та салынған кезде жұмыс камерасының жалпы көлемі бойынша берілген температуралық режимді ұстап тұруын сенімді қамтамасыз ету;

2) түрлі топтарға жататын биоөнімдерді бөліп сақтау үшін ішкі бөлімдері (сөрелері) болуы;

3) есікті бекітуге және мөр қоюға арналған құралдың болуы;

4) жұмыс камерасында және ұзақ мерзімді құжатталған (кемінде 48 сағат) температураның өзгерістерін жазуда температураның мәнін индикациялау құрылғысының болуы;

5) температураның бастапқы мәнінен ауытқуы кезінде апаттық (дыбыс және жарық) дабыл беретін жүйенің болуы;

6) электр қуатының (кемінде 24 сағат) апаттық сөніп қалуы кезінде жұмыс камерасындағы берілген температуралық режимді ұстап тұратын резерв жүйесінің болуы.

36. Қан жасушаларын сақтауға арналған криогенді қондырғылар мынадай қауіпсіздік талаптарына сай болуы тиіс:

1) жұмыс камерасындағы берілген аса төмен температураны сенімді ұстап тұруды қамтамасыз ету;

2) сақтандырғыш клапанның болуы және жұмыс камерасының сенімді тұмшалануын қамтамасыз ету;

3) пайдаланушының термиялық әсерден сенімді сақтауды қамтамасыз ету;

4) үй-жайдағы ауа ортасының жай-күйін бақылау тетіктерімен және индикаторлармен жарақтандырылуы тиіс.

37. Жылжымалы термоконтейнер:

1) биологиялық өнімдерді тасымалдау уақытында берілген мәннен жоғары болмайтын, бірақ кемінде 8 сағат бойы температураны ішкі кеңістікте ұстап тұруды қамтамасыз етуі;

2) температураның өзгерістерін бастапқы тіркеудің ішкі (немесе ішіне салынатын) құрылғысының болуы;

3) термоконтейнердің қақпағын сүргілеуге арналған аспаптың болуы;

4) тасымалдау кезінде термоконтейнер қақпағының кездейсоқ ашылып кетуіне жол бермейтін белгілеу элементтерінің сенімді жүйесі болуы тиіс.

38. Тромбоциттік массаны сілкігіш (араластырғыш):

1) бұйымның берілген жиілікте және жұмыс платформасының ілгері-кейінді қозғалысы амплитудасының үзіліссіз жұмыс режимін;

2) қызметкерлерді платформаның қозғалысы кезіндегі механикалық жарақат алудан қорғауды;

3) платформа қозғалысының санкцияланбаған тоқтауы туралы дабылдың болуын қамтамасыз етуі тиіс.

39. Полимерлік магистралдарды (түтікшелерді) жалғауға (дәнекерлеуге) арналған құрылғы:

- 1) жалғанған магистральдар тігісінің тұмшаланғандығы мен зарарсыздығын;
- 2) полимер түтікшелер қабырғаларының диаметрі мен қалыңдығына байланысты дәнекерлеу уақытын өзгертуді;
- 3) технологиялық манипуляциялар кезінде жалғасу тұтастығының бұзылуына жол бермейтін тігістің беріктігін қамтамасыз етуі тиіс.

8. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды жете зерттеу және өндіру кезінде ескерілетін қауіпсіздікке қойылатын талаптар

40. Медициналық техниканы әзірлеу және өндіру кезінде мыналар көзделеді:

- 1) төзімділігімен, орнықтылығымен, қозғалатын бөліктер мен басқа да құрылу ерекшеліктерімен байланысты механикалық зақымданулардан пациентті және тұтынушының қорғау;
- 2) медициналық техникадан болатын дірілмен байланысты қауіп деңгейін әсіресе, егер діріл медициналық техниканың белгіленген пайдалану сипаттамасының бөлігі болмаса, оның көзінде дірілді шектеуге мүмкіндік беретін төменгі деңгейге түсіру;
- 3) жасалған шумен байланысты қауіп деңгейін, әсіресе, егер шу медициналық техниканың белгіленген пайдалану сипаттамасының бөлігі болып табылмаса оның көзінде шуды шектеуге мүмкіндік беретін заттарды ескере отырып, төменгі деңгейге түсіру.

41) Электр, газ, гидравликалық немесе пневматикалық қуат көздеріне қосу үшін қолданылатын медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың жинақталушы заттары (клеммалар және жалғағыштар), олармен жұмыс істеуге қарастырылған сериялық және (немесе) қауіптің барлық мүмкін түрін неғұрлым төмен деңгейге түсіріп әзірленуі және өндірілуі тиіс.

42) Медициналық техниканың жанасуға қол жетімді бөліктері, жылу немесе температураның берілген мәніне қол жеткізуге арналған бөліктерді қоспағанда және оларды қоршаған кеңістік әдеттегі қолдану жағдайында температураның ықтимал қауіпті мәніне жетпеуі тиіс.

43) Пациентті қуатпен немесе заттармен қамтамасыз етуге арналған медициналық техникада оларды беру қарқындылығы белгіленуі және пациент пен тұтынушының қауіпсіздігіне кепілдік беретін жеткілікті дәлдікпен демелуі тиіс, сондай-ақ, қауіп тудыруы мүмкін берудің қарқындылығымен байланысты кез келген сәйкессіздікті алдын алуға және (немесе) индикациялауға арналған заттармен жарактандырылуы тиіс.

44) Медициналық техника қуат, немесе зат көзінен қуаттың қауіпті мөлшерін кездейсоқ бөлінуін ескертуге арналған заттарды қамтуы тиіс.

45) Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар мынадай факторларға жол бермеуді ескеріп немесе неғұрлым төмендетіп әзірленеді және ө н д і р і л е д і :

1) физикалық қасиеттермен байланысты зақымдану қаупі көлем және қысым арақатынасын қоса, габариттік және эргономиялық қасиеттер;

2) қоршаған ортаның болжанатын жағдайларымен байланысты қауіп (магниттік өріс, сыртқы электр әсері, электростатикалық разрядтар, қысым, температура немесе қысымның түсуі және жеделдеуі);

3) зерттеулер немесе емдеу кезінде қолданылатын басқа медициналық техниканың әсерінен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіптері;

4) қолданылған материалдардың ескіруіне немесе өлшеу құралдарының дәлдігін немесе басқару мүмкіндігін жоғалтқандықтан, қызмет көрсету немесе калибрлеу (бағыттау) мүмкіндігінің болмауымен байланысты қауіптер;

5) қолданудың немесе пайдаланудың әдеттегі жағдайларында және жекелеген бас тарту жағдайларында өрт не жарылыс қаупі. Медициналық техниканы пайдалану барысында жануға бейім тұтанғыш бұйымдар мен заттардың әсерін болжауға ерекше көңіл бөлінуі тиіс;

6) қалдықтарды қауіпсіз жою (кәдеге жарату) мүмкіндігі.

46. Өз бетімен талдау өткізіп және емделіп жатқан пациенттер үшін медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың құрылысы мен өндірісі оларды түрлі пайдаланушыларға тән дағдыларға, амалдар мен құралдарға тәуелсіз функциялық тағайындалуына сәйкес қолдануын қарастыру тиіс, тұтынушы жасаған талдама нәтижелерінің мағынасын неғұрлым дұрыс түсініп, қателердің болмауына бағытталуы тиіс.

47) Пациент өз бетімен талдау өткізіп және емделуге арналған медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың құрылысы, қажетті жағдайда, көрсетілген медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымның тексеру және калибрлеудің неғұрлым қарапайым әдістерін қ а р а с т ы р у ы т и і с .

48. Әзірлеу және құрастыру кезінде:

1) қолданылатын материалдарды, әсіресе уыттылығына және тұтанғыштығына қатысты таңдау;

2) медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар жасалатын материалдар және тіндер, адам денесінің жасушалары, сондай-ақ, қалыпты қолдану жағдайында олармен байланысқа түсуі мүмкін материалдар, заттар, газдар арасындағы болуы мүмкін үйлесімсіздік ескерілуі тиіс.

49. Әзірлеу кезінде медициналық техника мен медициналық мақсаттағы

бұйымдардың өздерінің ерекшеліктерін және оларды қолдануға ұсынылатын ортаның сипатын есепке ала отырып, басқа заттардың кездейсоқ бірге болуымен заттардың төгілуінен болған қауіпті азайтуы тиіс.

50. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың жаңа модельдерін әзірлеуде, оларды өндіру технологиясы мен қолдану кезінде адам ағзасына әсер ету қаупін бағалау жүзеге асырылады және мынадай міндетті кезеңдер қамтылуы тиіс:

1) қауіп сәйкестігін (ағзадағы зиянды фактордың әсерінен пайда болуы мүмкін және барлық деңгейлерде оның ажырамайтын қасиеттерімен айқындалған жағымсыз болуы мүмкін әсерлерді қоса алғанда, қауіптің көздерін, түрлерін, қауіп өлшемдерін);

2) «экспозиция-жауап» тәуелділігін бағалау (медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың функцияларын орындамау қаупін бағалау - медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың ақаулары мен ағза үшін салдары арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтау, сондай-ақ, осының нәтижесінде пайда болған зиянды сандық бағалау);

3) қауіп сипаттамасы - зиянды фактордың жағымсыз нәтижесінің пайда болуының ықтималдығын сандық және сапалық анықтау, сондай-ақ, адам мен қоршаған орта үшін қауіпті салыстырмалы бағалау.

51. Жобалау кезінде адам ағзасына әсер ету қаупін бағалау, сондай-ақ медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды пайдалану және қолдану үдерісінде қауіп себептері анықталған жағдайда, «жарамды (жарамсыз)» түріндегі талаптарды қоса алғанда қауіпті басқару жөніндегі барабар әдістер негізінде жүргізіледі.

52. Қауіп болуы мүмкін әр жағдай үшін қауіпті бағалау (энергетикалық, биологиялық; қоршаған ортамен өзара іс-қимыл қаупі, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың өзін қолдану, оның ішінде трансфузиялық-инфузиялық терапияда техникалық құралдарды пайдаланғанда жұқпалы аурулардың пайда болуымен және уыттану, прирогендік әсермен айқындалған қауіптер, функциялық бұзылулар, қызмет көрсету және ескірумен анықталған қауіптер) медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар қалыпты жұмыс істеген кезінде де, сондай-ақ жарамсыз жағдайларда да тиісті стандарттарды пайдалана отырып, бағалануы тиіс.

53. Қауіпті бағалаған кезде аса маңызды емес ерекшеліктерді қоса алғанда оқиғаның бірізділігі, табиғат және болуы мүмкін зиянды салдардың кез келген деңгейдегі сәйкестендірілген қауіптен пайда болу жиілігі назарға алынады.

54. Сәйкестендірілген барлық қауіп үшін қауіпті бағалау есептік, эксперименттік және (немесе) сараптама жолымен оның тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып жүргізіледі.

55. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды әзірлеу кезінде қауіпке жүргізілген бағалауды ескеріп, өндіруші (дайындаушы) ұйымы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда көрсеткен медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндірудің (дайындаудың), айналымының және немесе кәдеге жаратудың (қайта өңдеудің), жоюдың барлық үдерістерінде (сатыларында) рұқсат берілетін (қолайлы) деңгейге дейін қауіпті жою немесе (төмендету) үшін, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде субъект қызметкерлерінің болжанатын мүмкін қателерде бүкіл шаралар кешені айқындалуы тиіс.

56. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың адам ағзасына әсер ету қаупін, оларды пайдалану немесе қолдану кезіндегі қауіпті талдау ережелері мен әдістерін, сондай-ақ келтірілген зиянды сандық және сапалық бағалау тәсілдерін өндіруші (дайындаушы) ұйым әзірлейді.

9. Клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер үдерісінде ескерілетін медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

57. Клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеуге (бұдан әрі мәтін бойынша - (клиникаға дейінгі зерттеу) жаңа медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар немесе өзіндік технология бойынша қайта өндірілген кең қолданылатын медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар ж а т а д ы .

58. Клиникаға дейінгі зерттеу нәтижелері дұрыстығының кепілдігі Қазақстан Республикасында, сондай-ақ Тиісті зертханалық практиканың халықаралық ережесіне сәйкес жүргізілген клиникалық емес зерттеулер ережесін сақтау болып к е л е д і .

59. Клиникаға дейінгі зерттеу бағдарламасын (хаттамасын) болжамды медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды қолдануды ескере отырып жасайды. Бағдарлама (хаттама) олардың қауіпсіз және әсерлі қолдануының барлық аспектілерін қамтиды.

60. Клиникаға дейінгі зерттеу кезінде дайын өнімнің қауіпсіздігіне биологиялық тестілеу әдісі мен нормативтері әзірленеді (уыттылығына, пирогендікке, бактериялы эндотоксиннің болуы, биологиялық үйлесімділігі, биодеградация, тітіркендіруші әрекет).

61. Клиникаға дейінгі зерттеу үдерісінде алынған нәтижелер, басқа деректермен заттар клиникалық зерттеу (немесе) сынау жүргізуге рұқсат беруге немесе бас тарту туралы мәселені шешуге негіз болады.

10. Клиникалық зерттеу және (немесе) сынау үдерісінде ескерілетін медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

62. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды клиникалық зерттеу және (немесе) сынау (бұдан әрі - клиникалық зерттеулер) адамның субъект ретінде қатысуы арқылы зерттелетін объектінің клиникалық, фармакологиялық және (немесе) фармакодинамикалық тиімділігін анықтау мен растау және (немесе) жағымсыз реакцияларды анықтау және (немесе) сорып алуды, бөлуді, биотрансформацияны зерделеу және қауіпсіздігі мен тиімділігін белгілеу үшін шығару мақсатында өткізіледі.

63. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды клиникалық зерттеу денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

64. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды клиникалық зерттеудің мақсаты медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды медициналық қолдану кезінде қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын тексеру болып табылады.

65. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды клиникалық зерттеудің клиникаға дейінгі техникалық және токсикологиялық (гигиеналық) сынаудың оң нәтижесінен кейін ғана жүргізіледі.

66. Клиникалық зерттеулерге жаңа медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар немесе жеке технология бойынша қайта өндірілген, қолданудың ықтимал қаупіне байланысты кең қолданылатын медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың жаңа модельдері жатады.

67. Клиникалық зерттеу жүргізу немесе бас тарту туралы шешімді дәрілік заттар, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар айналысы саласындағы мемлекеттік сараптау органының ұсынымы негізінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган қабылдайды.

68. Дәрілік заттардың, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік сараптау органы өтініш беруші ұсынған материалдарға жүргізілген сараптама негізінде клиникалық зерттеуге ұсыным береді.

69. Клиникалық зерттеу нәтижесі сенімділігінің кепілі Қазақстан Республикасында, сондай-ақ зертханалық практиканың халықаралық ережесіне сәйкес жүргізілген тәртіппен өткізілген клиникалық сынаудың қолданыстағы ережесін сақтау болып келеді.

11. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды техникалық сынау

70. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды техникалық сынаудың мақсаты медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың техникалық сипаттамасының техникалық құжаттамаға сәйкестігін белгілеу болып табылады.

71. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға техникалық сынау жүргізу туралы шешімді техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган қабылдайды.

12. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды жою (кәдеге жарату) кезінде қауіпсіздікке қойылатын талаптар

72. Жарамсыз күйге түскен, жалған, жарамдылық мерзімі асып кеткен және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін басқа да медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар өткізуге және медициналық қолдануға жарамсыз деп саналады және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгіленген тәртіппен оларды иеленіп отырған медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналысы саласындағы субъектілер жоюы (кәдеге жаратуы) тиіс.

5-тарау. Тұтынушыларға арналған медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың ақпаратына қойылатын талаптар

1. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды таңбалау

73. Медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды таңбалау денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

2. Медициналық техниканы пайдалану құжатындағы ақпаратқа қойылатын талаптар

74. Медициналық техниканы пайдалану құжатындағы тұтынушыға арналған ақпаратта мынадай деректер болуы тиіс:

- 1) медициналық техниканың атауы;
- 2) өндіруші елдің атауы;
- 3) өндіруші ұйымның атауы және (немесе) тауар белгісі;
- 4) метрикалық өлшем жүйесіндегі (халықаралық бірлік жүйесі) көрсетілетін негізгі қасиеттері мен сипаты: салмағын, нетто, бруттосын көрсету; негізгі өлшемдері мен көлемін; медициналық техниканың қуаттылығы;
- 5) медициналық техниканы сәйкестендіру үшін пайдаланушыға қажетті мәліметтер: мүмкіндігінше - сканерленетін құрылғымен салыстыра оқу үшін қолайлы орында нормативтік құжаттарға сәйкес орналастырылған, медициналық техниканы сәйкестендіруші штрихты код;
- 6) егер медициналық техниканың құрамында осындай заттарды қамтыған жағдайда, адам қанынан немесе плазмасынан алынған заттардың болуы;
- 7) қолдану үшін қолдануға жататын заттарды таңдау бойынша кез-келген шектеуді қосқанда, осы медициналық техника тағайындалған дәрілік заттар мен құралдарға қатысты ақпарат;
- 8) медициналық техниканың жиынтықтаушылар тізбесі бір бөлшектен тұратын медициналық техниканы қоспағанда, медициналық техниканың барлық түрі үшін келтіріледі. Жиынтықтаушыларды санамалау алдында «Жиынтықтаушы» тақырыбы тұру керек, содан кейін ғана медициналық техниканы өндіру сәтіне олардың тізбесі ұсынылуы тиіс.
Ескертпе: егер медициналық техниканы жинақтаушыларды дайын медициналық техниканы жинақтауды тұтынушыларға сату үшін жинауды жүзеге асыратын ұйымға бірнеше өндіруші жеткізіп, соның салдарынан әрбір нақты партияның өндірушісін көрсету мүмкін болмаса, мұндай медициналық техниканы өндіруші және ораушы медициналық техниканы жинауды жүзеге асырған ұйым деп саналады;
- 9) егер медициналық техника бірлесіп монтаждалуы немесе басқа медициналық техникамен қосылуы тиіс болса, олардың қосылуының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін медициналық техниканың қажетті түрлерін, сондай-ақ медициналық техниканың дұрыс монтаждалғанын және олардың дұрыс әрі қауіпсіз пайдаланылатынын тексеру үшін қажетті барлық ақпаратты сәйкестендіру үшін толық деректер немесе сипаттама қажет;
- 10) жарамдылық мерзімі (айы, жылы), осыған дейін медициналық техниканы қауіпсіз пайдалануға болады (егер құпталса);
- 11) активті медициналық техниканың жасалған жылы (Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына сәйкес). Жасалған жылы партия нөмірімен немесе серия нөмірімен бірге көрсетілуі мүмкін;
- 12) медициналық техника тапсырыс бойынша дайындалған болса, сол туралы мәлімет («Медициналық мақсаттағы бұйым (медициналық техника) тапсырыс

б о й ы н ш а дай ы н д а л ғ а н ») ;

13) медициналық техника клиникалық зерттеу үшін дайындалған болса, сол туралы мәлімет («Тек клиникалық зерттеулер үшін»);

14) сақтау және (немесе) пайдаланудың ерекше шарттары: мысалы, температуралық, жарық ережелері;

15) қажет болған жағдайда қарай зарарсыздық туралы көрсетілуі тиіс (зарасыз емес болса көрсетілмейді);

16) қажет болған жағдайда алдында «ПАРТИЯ» сөзі көрсетілген партия коды және (немесе) сериялық нөмір;

17) егер медициналық техника көп мәрте қолдануға арналған болса - тазалауды, дезинфекциялауды, қаптаманы қоса алғанда, медициналық техниканы қайта пайдалануды қамтамасыз ететін тиісті үдерістер туралы ақпарат;

18) егер медициналық техника медициналық мақсаттар үшін сәулеленуді генерирлейтін жағдайда - осы сәулеленудің сипаты, түрі, қарқындылығы және бөлінуі туралы мәлімет, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің пациентке кез келген қарсы айғақтар және алдын алуды қажет ететін сақтық шаралары туралы хабарлауға мүмкіндік беретін мәліметтер;

19) медициналық техниканы имплантаттауға байланысты белгіленген қауіп түрлерін болдырмау үшін қажетті ақпарат;

20) медициналық мақсаттағы бұйымдардың оның ішінде трансфузиялық-инфузиялық терапияда пайдаланылатын техникалық құралдардың қауіптілігіне қатысты, зерделеу мен емдеу бойынша ерекше жұмыстар кезінде медициналық техниканың қатысуы туралы ақпарат;

21) медициналық техниканы пайдаланудың бүкіл мерзімі ішінде дұрыс және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін қажетті қызмет көрсетуі мен бапталуының (тексеру) көлемі мен мерзімділігі туралы мәліметтер;

22) өлшеу аспабына жататын, медициналық техниканы қамтамасыз ететін д ә л д і к ;

23) ө н д і р у ш і ұ й ы м :

өндіруші ұйымның немесе оның өкілдігінің атауы, елі, сондай-ақ заңды м е к е н ж а й ы ;

тұтынушылардан медициналық техниканың сапасы бойынша Қазақстан Республикасы аумағында шағымдар (ұсыныстар) қабылдаушы ұйымның атауы және мекенжайы туралы мәліметті мына жағдайда береді:

егер өндіруші ұйымның мекенжайы тұтынушыдан шағым қабылдаған ұйымның заңды мекенжайымен сәйкес келмесе;

егер медициналық техника басқа елде өндірілсе.

Тұтынушылардан шағым қабылдайтын ұйымның заңды мекенжайы пайдалану құжатында көрсетілмеуі, бұл өндіруші ұйымның Қазақстан

Республикасы аумағында орналасқан жағдайда шағымдардың өндіруші ұйымның заңды мекенжайында қабылданатынын білдіреді.

24. медициналық техника сәйкестендіріліп жасалған нормативтік құжаттың атауы (белгі) көрсетіледі;

25. мынадай :

медициналық техниканың жұмыс (пайдалану) сипаты өзгергенде; магнитті өрістің әсері, сыртқы электр әсері, электростатикалық разрядтардың қысым немесе қысымның құбылуы, жеделдету, жоғары температура; медициналық техниканы пайдалануға, жоюға (кәдеге жаратуға) байланысты ерекше, қалыптан тыс қауіптер туындаған жағдайларда қолдану қажет сақтық шаралары.

3. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтағы ақпаратқа қойылатын талаптар

75. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды қолдану жөніндегі нұсқаулықтағы тұтынушыға арналған ақпаратта мынадай деректер болуы тиіс:

- 1) медициналық мақсаттағы бұйымның атауы;
- 2) бұйымның құрамы мен сипаты;
- 3) өндіруші-ұйымның атауы және (немесе) тауарлық белгісі;
- 4) қолдану саласы;
- 5) қолдану тәсілі (қажет болған жағдайда қолдану бойынша ерекше нұсқаулар) ;

6) медициналық техниканы сәйкестендіру үшін пайдаланушыға қажетті мәліметтер: мүмкіндігінше — сканерленетін құрылғымен салыстыра оқу үшін қолайлы орында нормативтік құжаттарға сәйкес орналастырылған, медициналық техниканы сәйкестендіруші штрихты код;

7) медициналық мақсаттағы бұйымдардың жиынтықтаушылар тізбесі бір бөлшектен тұратын медициналық бұйымдарды қоспағанда медициналық мақсаттағы бұйымдардың барлық түрлері келтіріледі. Жиынтықтаушыларды санамалау алдында «Жиынтықтаушы» тақырыбы тұру керек, содан кейін ғана медициналық техниканы өндіру сәтіне олардың тізбесі ұсынылуы тиіс.

